

Арқалық қаласында шағын бизнеске қолдау жасау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 11 қыркүйек N 174

1. Шығыс Қазақстан облысының әкімі "Семей қаласында Ертіс өзеніне салынатын көпірдің құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі дирекция" МКҚК-нің "ІНІ" жапон фирмасынан алған 250,0 мың АҚШ доллары сомасындағы қаражатын Қостанай облысының әкіміне жіберсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қостанай облысы әкімінің қаражатты жинақтауы және Арқалық қаласында шағын бизнеске несиелер бөлу жолымен кемінде 50 жұмыс орнын құруға айрықша өкім бойынша аударуы үшін Қостанай облысының әкіміне "Тапсырмалар бойынша сомалар" деген транзитті ағымдағы шот ашсын.

П р е м ь е р - М и н и с т р